# АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

## ҚЫЗЫҚТЫ ГРАММАТИКА

Б.Д. Серикова, Р.Ж. Керимбекова



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**Б.Д. Серикова, Р.Ж. Керимбекова**

*«Қызықты грамматика» тақырыбы бойынша бастауыш сынып оқушыларына арнап жазылған*

# АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА

**УДК 81.362**

**ББК 81.411.2-2**

**Рецензент:**
Өнертану ғылымдарының магистрі, ҚР «Инновация» оқу-әдістемелік орталығының ғылыми қызметкері **А.Д. Әшірбаева;**

**Қызықты грамматика** // құрастырушы авторлар: **Б.Д. Серикова, Р.Ж.Керимбекова** – Жамбыл облысы, бастауыш сынып мұғалімдері, 2021. – 76 б.

**ISBN 978-601-5624-45-4**

Құрастырушы авторлар бастауыш сыныптағы қазақ тілінің грамматикасы бойынша 34 сағаттық күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып жасаған. Бағдарлама мемлекеттік білім беру стандартына сай жазылған.

**УДК 81.362**

**ББК 81.411.2-2**

«Инновация» оқу-әдістемелік орталығының 2021 жылғы «2» сәуірдегі №7 хаттамасына сәйкес сараптау комиссиясының шешімімен баспаға ұсынылды.

**ISBN**

**978-601-5624-45-4**

© «Инновация» баспа үйі, 2021

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**
**«ИННОВАЦИЯ» ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК**
**ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БАСПАСЫНА ҰСЫНЫЛДЫ**

**Рецензент:** «Инновация» оқу-әдістемелік орталығының ғылыми қызметкері **А.Д. Әшірбаева**

**Құрастырушы авторлар**:
**Серикова Балжан Дарибековна**
**Керимбекова Рузана Журсиновна**
Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданы
Т.Рысқұлов атындағы мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімдері

© «Инновация» баспа үйі, 2021 жыл

## Түсінік хат

Бүгінгі таңда қазақ халқы ғасырлар тұрғысында тәуелсіз мемлекетке айналып, өзінің қоғамдағы саяси, мәдени білім жүйесін әлемдік өркениет үлгісінде дамытуда. Өйткені кез-келген жаңа тәуелсіз мемлекеттің рухани даму үрдісінің өзіндік ерекшеліктері болады. Қазақ халқына тән білімнің озық, өнегелі үлгілерін оқушыға білім беруде, соның ішінде қазақ тілін оқытуда қолдану бүгінгі күннің басты міндеті болуы тиіс.

Мәдениетті сөйлей білу адамның жан дүниесінің әдемілігін көрсетеді. Ал сауатты жазу – білімділіктің көрінісі. Мәдениеттілік пен білім адамға ана тілі арқылы дариды.

«Қызықты грамматика» бағдарламасымен жұмыс жасау арқылы оқушылар қазақ тілінен алған білімдерін бекітіп, тиянақтай түседі. Тапсырмаларды орындай отырып, өзінің ана тілін қаншалықты дәрежеде білетінін байқайды. Тіл білімінің басқа сатыларын сатылап, талдап меңгеруге негіз қаланып, талдау жұмысын жүйелі жүргізуге үйренеді.

Авторлық бағдарлама қазақ тілі пәнін оқушыларға терең меңгертіп, қазақша дұрыс сөйлеп, сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру мақсатында құрастырылған. 4-сынып оқушыларының жас ерекшелігін, қазақ тілін меңгеру дәрежесін, сөздік қорын ескере отырып, оқулықтағы материалдарды толықтыру мақсатында қолданылатын қосымша құрал.

Мұнда оқушылардың сөйлеу тілін кеңейту, байыту мақсатында қысқа және қызықты мәтіндер, өлең, мақал, түрлі дидактикалық тапсырмалар берілді. Дидактикалық материалдарды берудегі мақсат – оқушылардың тілін дамытуда, тіл үйренуде, сөздік қорын байытуда оқулыққа қосымша дүниені бір жерге топтап, мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету. Сондықтан осы авторлық бағдарламаның бастауыш сынып оқушыларына қазақ тіл білімінің грамматикасын игертуде тиімді оқу-әдістемелік құралы боларына сеніміміз мол.

**Мақсаты:**

-оқушылардың жаңа мағлұматтарды пайдалану барысында ойлау қабілеттерін арттыру:

-ақпараттық технологияның жаңа үлгілерін меңгерту;

-шығармашылықпен жұмыс істей алатын жеке тұлға қалыптастыру;

-оқушылардың ойлау қабілеттерін арттыру;

**Міндеттері:**

-жас ұрпақты қазіргі заман талабына сай бәсекеге қабілетті деңгейде білімді етіп тәрбиелеу.

-оқушыларды айналадағы болып жатқан өзгерістер мен жағдайларға қарап, тез шешім қабылдауға үйрету.

-оқушылардың білімдерін ана тілімізде шыңдай отырып, ұлттық негізде тереңдету.

-ұлттық сипат беретін теңдеулер, өлшемдердің, ұлттық салт-дәстүрлердің тіл дамытуға қатысты элементтерін пайдалану.

**Күтілетін нәтиже:**

-сауатты көркем жазуға дағдылану арқылы ізденімпаздыққа, шығармашылыққа үйренеді;

-оқушылардың қажетті шеберлік пен дағдылары қалыптасады және баланың жалпы тұлғалық дамуына, ойлау, есте сақтау, қиялдау, елестету сияқты жақсы қасиеттерінің үйлесімді дамуы қалыптасады;

-олардың шығармашылық қабілеттері дамиды.

## Тұжырымдық бөлік

### I бөлім. Дыбыс және әріп – 3 сағат.

Дыбыс және әріп туралы білімдерін толықтырып, көркем жазу дағдыларын қалыптастырады. Дыбыстардың түрлерін айыра біледі. Сөздердің жуан және жіңішке болып айтылу себептерін анықтап, дауысты дыбыстарды сөздерге дұрыс қолданады, дыбыс әріптерін сауатты түрде практикада қолдана алады. Дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата отырып, әріп таңбаларын сауатты жазады.

### II бөлім. Мақал-мәтелдер – 2 сағат.

Тақырыптарға сай мақалдарды жаттайды, мақалдардың жалғасын жазады, синоним сөздер табады.

### III бөлім. Сөз таптары - 15 сағат.

Ауызша және жазбаша сауаттылықтарын қалыптастырып, заттың түр-түсі, сипатын, санын, қимыл іс-әрекетін білдіретін сөздерді сауатты түрде практикада қолдана білу дағдылары қалыптасады.

### IV бөлім. Қаратпа және мәндес сөздер – 4 сағат

Қаратпа және мәндес сөздерге байланысты тапсырмалар орындау барысында білімдерін шыңдайды.

### V бөлім. Жазба жұмыстары – 10 сағат

Тест тапсырмаларын орындату, шығармашылық диктанттар жазғызу барысында өз ойларын еркін айта алатын тұлға қалыптасады. Ойларын еркін дәлелді түрде ауызша және жазбаша да сауатты түрде жеткізе білу қабілеттері жетіледі. Тілдік жаттығулар, түсініктілі дидактикалық ойындар қолдану арқылы сөйлеу мәдениеті қалыптасады.

**«Қызықты грамматика» бағдарламасының**
**күнтізбелік-тақырыптық жоспары**

Барлығы – 34 сағат, аптасына – 1сағат

| № | Тақырыптар | Сағ. саны | Күні |
|---|---|---|---|
| | **І. Дыбыс және әріп - 3 сағат** | | |
| 1 | Дауысты дыбыстар әлемі | 1 | |
| 2 | Сөздердің жуан және жіңішке болып айтылу себептерін анықтау | 1 | |
| 3 | Дауыссыз дыбыстардың ерекшеліктері | 1 | |
| | **ІІ. Мақал-мәтелдер - 2 сағат** | | |
| 4 | Мақал-мәтелдер еліне саяхат | 1 | |
| 5 | Мақал-мәтелдерді қаншалықты қолдана аласың? | 1 | |
| | **ІІІ. Сөз таптары - 15 сағат** | | |
| 6 | Кімдер? Нелер? қонақта | 1 | |
| 7 | Септік атаның еліне саяхат | 1 | |
| 8 | Мен кіммін? сызбамен жұмыс | 1 | |
| 9 | Нақты сұраққа жауап беретін сөздер | 1 | |
| 10 | Оқушылардың білім деңгейін анықтау | 1 | |
| 11 | И, й, у әріптері бар сөздердің айтылуы мен жазылуын ажырат | 1 | |
| 12 | Өзара бір-бірімен мағына жағынан байланысқан сөйлемдер | 1 | |
| 13 | Не істеді? Қандай? және Не үшін? | 1 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | сұрағына жауап беретін сөйлемдер | | |
| 14 | Мәтіннің құрылымы туралы не білеміз? | 1 | |
| 15 | Әдемілік, сұлулықты білдіретін сөздер | 1 | |
| 16 | Сандар көпірі | 1 | |
| 17 | Сан есімнің түрлерін анықтау | 1 | |
| 18 | Заттың ретін білдіретін сөздер | 1 | |
| 19 | Заттың санын білдіретін сөздер | 1 | |
| 20 | Сиқырлы етістіктер /дара, күрделі/ | 1 | |
| | **IҮ. Қаратпа және мәндес сөздер - 4 сағат** | | |
| 21 | Қарату мақсатында айтылатын сөздер | 1 | |
| 22 | Қарату мақсатында айтылатын сөздерді қайталау | 1 | |
| 23 | Мағынасы бір-біріне жуық сөздер | 1 | |
| 24 | Мағынасы бір-біріне қарама-қарсы сөздер | 1 | |
| | **Ү. Жазба жұмыстары және қайталау сабақтары - 10 сағат** | | |
| 25 | Өздік жұмыс | 1 | |
| 26 | Шығармашылық диктант | 1 | |
| 27 | Оқушылардың білім деңгейін анықтау | 1 | |
| 28 | -ау, -еу жұрнағы жалғану арқылы жасалған сан есім | 1 | |
| 29 | **Заттың санын топтап көрсететін сан есімдер** | 1 | |
| 30 | Нақты емес шамамен айтылатын сан есімдер | 1 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 31 | «Сан есімдер әлемі» жарыс сабақ | 1 | |
| 32 | Сан есімнен туралы нені білдік? Қайталау сабағы | 1 | |
| 33 | «Атамекен» тапсырмалары | 1 | |
| 34 | Қайталауға арналған «Атамекен» тапсырмалары | 1 | |

***Барлығы: 34 сағат***

## «Қызықты грамматика» бағдарламасының тапсырмалары

**1-тапсырма. Сұрақтарға жауап жаз.**

Бұл кім?

Ол неше жаста?

Ол нешінші сыныпта оқиды?

Ол қандай?

-----------------------------------------------------------------------------------------
-----------------------------------------------------------------------------------------
-----------------------------------------------------------------------------------------
-----------------------------------------------------------------------------------------

**2-тапсырма. Мына сұрақтарға жауап беретін сөздерді жаз.**

| Не істеді? | Кім? | Не? | Қандай? |
|---|---|---|---|
| | | | |

**3-тапсырма. Толықтырып жаз.**

Менің атым.................. . Мен ................. жастамын. Бұл менің .............

Ол менен ................ жас ............. . Ол неше жаста?.............................. .

**4-тапсырма. Берілген мәтіннен отбасы атауларын теріп жаз.**

Менің атым – Айдар. Бұл – біздің отбасымыз. Біздің отбасымызда төрт адам бар. Олар: әке-шешем,қарындасым және мен. Менің әкемнің аты – Қайрат. Ол 40 жаста. Менің әкем күшті және ақылды. Менің анамның

аты – Раушан. Ол 35 жаста. Менің анам әдемі және мейірімді. Менің қарындасымның аты – Маржан. Ол үш жаста. Менің қарындасым ақылды және сүйкімді. Мен отбасымды жақсы көремін.

-------------------------------------------------------------------------------------
-------------------------------------------------------------------------------------
-------------------------------------------------------------------------------------
-------------------------------------------------------------------------------------
-------------------------------------------------------------------------------------

**5-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап жаз.**

Бұл – менің немерем. Оның аты – Әсет. Ол сегіз жаста. Әсет екінші сыныпта оқиды. Ол – ақылды және күшті бала. Менің немерем қалада тұрады.

Әсет неше жаста?

--------------------------------------------------

Әсет нешінші сыныпта оқиды?

--------------------------------------------------

Әсет қандай бала?

--------------------------------------------------

Әсет қайда тұрады?

---------------------------------------------------

**6-тапсырма.Сүйікті ісіңді жаз.**

Үлгі: Менің сүйікті ісім – музыка тыңдау.

-------------------------------------------------------------------------------------
-------------------------------------------------------------------------------------
-------------------------------------------------------------------------------------
-------------------------------------------------------------------------------------
-------------------------------------------------------------------------------------

**7-тапсырма. Кім не істеуді жақсы көреді? Белгіле.**

| | мен | анам | әкем | інім |
|---|---|---|---|---|
| ән айтуды | | | | |
| кітап оқуды | | | | |
| музыка тыңдауды | | | | |
| сөзжұмбақ шешуді | | | | |

**8-тапсырма. Сөздерді қазақ тіліне аударып жаз.**

Пословица-------------------------------------------

Поговорка-------------------------------------------

Учить-----------------------------------------------

Знать------------------------------------------------

Интересно-------------------------------------------

Полезно---------------------------------------------

**9- тапсырма. Мақалды толықтыр.**

Қарға баласын «---------------» дейді,

Кірпі баласын «----------------» дейді.

**10-тапсырма. Жіктік жалғауын жалғап жаз.**

Мен жуа----------- Біз жуа ---------------------

Сен жуа------------ Сендер жуа ----------------

Сіз жуа ------------- Сіздер жуа ----------------

Ол жуа -------------  Олар жуа ---------------

**11-тапсырма. Мәтіннен жіктік жалғауы бар сөздерді теріп жаз.**

Мынау – менің бөлмем. Менің бөлмем кең және жарық. Менің бөлмем таза. Мен заттарымды жинаймын. Мен еден жуамын, шаң сүртемін. Мен кілемді шаңсорғышпен тазалаймын.

----------------------------------------------------------------------------------------
----------------------------------------------------------------------------------------
----------------------------------------------------------------------------------------
----------------------------------------------------------------------------------------
----------------------------------------------------------------------------------------

**12-тапсырма.Толықтырып жаз.**

жуамын

Мен үй ----------------------- .

құямын

Мен ыдыс --------------------.

жинаймын

Мен дастарқан -------------- .

Мен гүлге су ---------------- .

жасаймын

**13-тапсырма. Толықтырып жаз.**

Мен ыдыс жуа......... . Ол дастарқан жасай ............... . Біз гүлдерге су құя............. . сен шаң сүрте............... . Сіздер үй жинай ............ . Олар бізге көмектесе .............. .

**14- тапсырма. «Дастарқан» сөзіне фонетикалық талдау жасау.**

Дастарқан - ---------------------------------------------------.

Д- ---------------------------------------------------

А- ---------------------------------------------------

С- ---------------------------------------------------

Т- ---------------------------------------------------

А- ---------------------------------------------------

Р- ---------------------------------------------------

Қ- ---------------------------------------------------

А- ---------------------------------------------------

Н- ---------------------------------------------------

---------------------------------------------------------

**15- тапсырма. Мақалды жалғастыр.**

Көз ------------------,

Қол ------------------ .

**16-тапсырма.Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап жаз.**

Менің атым-Анар. Мен үйде анама көмектесемін. Мен дастарқан жасаймын. Мен дастарқанға ыдыстарды қоямын. Мынау-қасық. Мынау – шанышқы. Мынау – тәрелке. Мынау-пышақ. Біздің отбасымызда үш адам бар. Сондықтан мен дастарқанға үш қасық, үш шанышқы және үш тәрелке қоямын. Дастарқанға тамақты анам қояды. Біз тамақ ішеміз.

1.Анар үйде кімге көмектеседі?

---------------------------------------------------------------------------------

2.Ол не істейді?

---------------------------------------------------------------------------------

3.Ол дастарқанға қандай ыдыстарды қояды?

-----------------------------------------------------------------------------

4.Дастарқанға тамақты кім қояды?

-----------------------------------------------------------------------------

**17-тапсырма.Тәрелке деген сөзге фонетикалық талдау жаса.**

Тәрелке- ------------------------------------------------------------------------ .

Т- ------------------------------------------------------------------------------

Ә- ------------------------------------------------------------------------------

Р- ------------------------------------------------------------------------------

Е- ------------------------------------------------------------------------------

Л- ------------------------------------------------------------------------------

К- ------------------------------------------------------------------------------

Е- ------------------------------------------------------------------------------

------------------------------------------------------------------------------------------

**18-тапсырма. Сусындар мен тағамдарды екі бөліп жаз.**

*Сүт,шай, мәнті, ет, шырын, су, айран, ботқа, көже, қуырдақ, палау.*

Сусындар. Тағамдар

------------------------------ ----------------------------------------------------------

------------------------------ ----------------------------------------------------------

------------------------------ ----------------------------------------------------------

------------------------------ ----------------------------------------------------------

------------------------------ ----------------------------------------------------------

**19-тапсырма. Сөздерді қазақ тіліне аударып жаз.**

Вкус- ---------------------------------------------------

Жидкий /-ая,-ое/ ------------------------------------

Полезно для здоровья -----------------------------

Можно добавить ----------------------------------

**20-тапсырма. Сүт тағамдарын жаз.**

-----------------------------------------------------------------------------------
-----------------------------------------------------------------------------------
-----------------------------------------------------------------------------------
-----------------------------------------------------------------------------------
-----------------------------------------------------------------------------------

**21- тапсырма.Мақалды жалғастырып жаз.**

-Сен қайда тұрасың?

-----------------------------------------------

-Қазақстанның жері қандай?

-----------------------------------------------

-Қазақстанның елбасы кім?

-----------------------------------------------

-Қазақстанның елордасы қай қала?

-----------------------------------------------

-Астана қандай қала?

-----------------------------------------------

**22-тапсырма. Мәтіннен көптік жалғауы бар сөздерді теріп жаз.**

Астана қаласы – Қазақстанның елордасы. Астана – үлкен, әдемі және жас қала. Ол Солтүстік Қазақстанда орналасқан. Астанада әдемі үйлер, саябақтар, ескерткіштер, биік ғимараттар бар. Маған Астана қаласы ұнайды.

------------------------------------------------------------------------------------
------------------------------------------------------------------------------------
------------------------------------------------------------------------------------
------------------------------------------------------------------------------------
------------------------------------------------------------------------------------
------------------------------------------------------------------------------------

**23-тапсырма. «Елорда» сөзіне дыбыстық талдау жаса.**

Елорда -------------------------------------------------------

Е-------------------------------------------------------

Л-------------------------------------------------------

О-------------------------------------------------------

Р-------------------------------------------------------

Д-------------------------------------------------------

А-------------------------------------------------------

------------------------------------------------------------------

**25-тапсырма.Жіктік жалғауын жалға.**

Мен бара------------- Біз бара----------------------

Сен бара------------- Сендер бара-----------------

Сіз бара------------- Сіздер бара-------------------

Ол бара-------------- Олар бара--------------------

**26-тапсырма.Толықтырып жаз.**

Біз Астанаға бара....... . Сендер Атырауға бара........... . Мен Семейге бара........... . Сіз Өскеменге бара ........... . Сен Өскеменге бара........... . Сіздер Таразға бара........... .

**27-тапсырма.Мәтіннен жалқы есімдерді теріп жаз.**

Қазақстанның жері үлкен, табиғаты әдемі. Елімізде өзен, көлдер, биік таулар, жасыл ормандар бар. Астанада Есіл өзені, Семейде Ертіс өзені, Көкшетауда Бурабай көлі бар. Алматының мақтанышы – Алатау тауы.

----------------------------------------------------------------------------------------
----------------------------------------------------------------------------------------
----------------------------------------------------------------------------------------
----------------------------------------------------------------------------------------
----------------------------------------------------------------------------------------

**28-тапсырма.Мына сұрақтарға жауап беретін сөздерді жаз.**

Қайда? Кіммен? Немен?

----------------------------------------------------- ----------------------------------

------------------------------------------------------------ -------------------------

------------------------- --------------------------------- --------------------------

------------------------- --------------------------------- --------------------------

------------------------- --------------------------------- --------------------------

------------------------- -------------------------------- ---------------------------

**29-тапсырма. Кіммен? Немен? сұрақтарына жауап беретін сөздердің астын сыз.**

Менің атым – Маржан. Мен жазғы демалыста Көкшетауға бардым. Ол Солтүстік Қазақстанда орналасқан. Мен Көкшетауға ата-анаммен бардым. Біз машинамен бардық. Маған Көкшетау қаласы ұнайды.

----------------------------------------------------------------------------------------
----------------------------------------------------------------------------------------

------------------------------------------------------------------------------------------
-----------------------------------------------------------------------------------------

**30-тапсырма. Сұрақтарға жауап жаз.**

-Сен жазғы демалыста қайда бардың?

-------------------------------------------------------------

-Сен кіммен бардың?

---------------------------------------------------------------

-Сендер немен бардыңдар?

-----------------------------------------------------------------

-Сенің жазғы демалысың қалай өтті?

-----------------------------------------------------------------

**31-тапсырма. «Тәуелсіз» сөзіне дыбыстық талдау жаса.**

Тәуелсіз--------------------------------------------------------

Т-----------------------------------------------------------------

Ә-----------------------------------------------------------------

У-----------------------------------------------------------------

Е-----------------------------------------------------------------

Л-----------------------------------------------------------------

С-----------------------------------------------------------------

І-----------------------------------------------------------------

З------------------------------------------------------------------

------------------------------------------------------------------

**32-тапсырма. Не? Қандай? сұрақтарына жауап беретін сөздерді екі бағанға бөліп жаз.**

Еркін, бай, мол, еркіндік, байлық, молшылық, бейбіт, бейбітшілік, құс, әдемі, көгілдір, қыран

**33-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырып жаз.**

Мынау-Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы. Қазақстанның Туы көгілдір және алтын түсті. Тудың ортасында күн және қыран бейнеленген. Көгілдір түс – бейбітшіліктің, ашық аспанның белгісі.Күн – бейбітшілік белгісі. Қыран құс – еркіндік белгісі. Күн, қыран және ұлттық өрнек алтын түсті. Алтын түс – молшылық пен байлықтың белгісі.

Мемлекеттік Тудың авторы-суретші Шәкен Ниязбеков.

-----------------------------------------------------------------------------------------
-----------------------------------------------------------------------------------------
-----------------------------------------------------------------------------------------
-----------------------------------------------------------------------------------------
-----------------------------------------------------------------------------------------
-----------------------------------------------------------------------------------------

**34-тапсырма. Сұрақтарға жауап жаз.**

Сенің Отаның қай жер?

-----------------------------------------------------------------

Қазақстан қандай мемлекет?

-----------------------------------------------------------------

Қазақстанның Мемлекеттік Туы қандай?

-----------------------------------------------------------------

Қазақстанның елордасы қай қала?

-----------------------------------------------------------------

Қазақстанның табиғаты қандай?

-------------------------------------------------------------

**35-тапсырма.Сөздердің аудармасын жаз.**

Здание-----------------------------------------

Был построен--------------------------------

Архитектор----------------------------------

Согласие-------------------------------------

Дружба---------------------------------------

Единство-------------------------------------

Дворец-----------------------------------------

**36-тапсырма.Сұрақтарға жауап жаз.**

Қандай ғимарат пирамидаға ұқсайды?

----------------------------------------------------

Бұл ғимарат қай жылы салынды?

------------------------------------------------------

Оның сәулетшісі кім?

-------------------------------------------------------

Бейбітшілік және келісім сарайы ненің белгісі?

------------------------------------------------------------

**37-тапсырма. «Наурыз» сөзіне фонетикалық талдау жаса.**

Наурыз---------------------------------------------------

Н---------------------------------------------------------

А---------------------------------------------------------

У---------------------------------------------------------

Р---------------------------------------------------------

Ы---------------------------------------------------------

З-----------------------------------------------------------

----------------------------------------------------------------------------------

**38-тапсырма. Сөзге жіктік жалғауын жалғап жаз.**

Мен жасап отыр........... Біз жасап отыр................

Сен жасап отыр............ Сендер жасап отыр..........

Сіз жасап отыр............. Сіздер жасап отыр...........

Ол жасап отыр............. Олар жасап отыр............

**39-тапсырма. -ып,-іп,-п толықтырып жаз.**

Мен кітап оқы.... отырмын. Мен хат жаз..... отырмын .Біз ашықхат жаса.... отырмыз. Ол теледидар көр.... отыр. Сен үй жұмысын істе......... отырсың. Олар мұғалімді тыңда......... отыр. Сендер сыйлық жаса..... отырсыңдар.

**40-тапсырма. Сұрақтарға жауап жаз.**

Сен не оқып отырсың?

----------------------------------------------------

Сен не жазып отырсың?

-----------------------------------------------------------

Сен кімді тыңдап отырсың?

------------------------------------------------------------

Сен не көріп отырсың?

------------------------------------------------------------

**41-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап жаз.**

Бүгін Наурыз мерекесі. Әжем наурызкөже пісіріп жатыр.Анам бауырсақ пісіріп жатыр. Әкем ауланы тазалап жүр. Атам ағаш отырғызып жатыр. Мен атама көмектесіп жүрмін. Содан соң біз алаңға барамыз. Біз концерт көреміз, ұлттық ойындар ойнаймыз. Маған Наурыз мерекесі ұнайды. Наурыз мерекесі қызықты және көңілді өтеді.

Болатқа қандай мереке ұнайды?

----------------------------------------------------------------------------

Болаттың әжесі не істеп жатыр?

----------------------------------------------------------------------------

Болаттың анасы не істеп жатыр?

-----------------------------------------------------------------------------

Болаттың әкесі не істеп жүр?

-----------------------------------------------------------------------------

Болаттың атасы не істеп жатыр?

-----------------------------------------------------------------------------

Болат не істеп жүр?

----------------------------------------------------------------------------

**42-тапсырма. Оқып шығып,сөз құрамындағы қатаң, ұяң, үнді дауыссыздардың астын сызып шығыңдар. Қатаң 1 сызықпен, ұяң 2 сызықпен, үнді 3 сызықпен**

О, балалар, балалар, Өлең боп аққан дарияң,

Қарашығы көзімнің, Домбырасын басуға,

Қуанышы сезімнің , Жырынан шашу шашуға;

Кеудемдегі жүрегім, Кездесіп көзбен көруге,

Таянышым, тірегім; Халық сәлемін беруге,

Ардақтысы елімнің, Қуанбасқа бола ма,

Гүл – шешегі жерімнің. Жырламасқа бола ма,

Алдыңа келді қарияң, Осы отырған тойымда.

**43-тапсырма. Кім? не? сұрақтарына жауап беретін сөздердің астын сыз.**

Күн күркіреді. Құйын соғып өтті. Мен мектепке келдім.Оқушы кітапханадан кітап алды.Мұғалім сабақ түсіндірді.

**44- тапсырма. Кестені толтыр:**

| Зат есім | Сын есім | Сан есім |
|---|---|---|
| ағаш | биік | үш |

**45-тапсырма.Мәтіннен реттік сан есімдерді тап.**

1.Ауылда бәйге жарысы болды. Елеместің атасы қосқан ат мәреге екінші болып келді. Бірінші, екінші келген ат иелеріне ақшалай сыйлық берілді.

**46-тапсырма. Үш реттік сан есіммен сөйлем құрастыр.**

--------------------------------------------------------------------------------------
--------------------------------------------------------------------------------------
--------------------------------------------------------------------------------------
--------------------------------------------------------------------------------------
--------------------------------------------------------------------------------------
--------------------------------------------------------------------------------------
--------------------------------------------------------------------------------------

**47-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.**

Сенің сүйікті спортшың кім?

------------------------------------------------------

Ол қай спорт түрімен айналысады?

------------------------------------------------------

**48-тапсырма.Мақалды жалғастыр.**

Бірінші байлық – ............................ .

**49-тапсырма. Мәтінді оқып, аңдардың атын теріп жаз,сұрақ қой.**

Мынау – хайуанаттар бағы. Хайуанаттар бағы өте үлкен. Хайуанаттар бағында әртүрлі аң, құстар бар. Мысалы: піл, арыстан, жолбарыс, қасқыр, түлкі, аю.Мен хайуанаттар бағына жиі барамын.

Қарашы! Аю ұйықтап жатыр. Қоян секіріп жүр. Керік жапырақ жеп тұр. Піл су ішіп тұр. Маймыл банан жеп отыр. Маған хайуанаттар бағы ұнайды.

--------------------------------------------------------------------------------------
--------------------------------------------------------------------------------------
--------------------------------------------------------------------------------------
--------------------------------------------------------------------------------------
--------------------------------------------------------------------------------------
--------------------------------------------------------------------------------------
--------------------------------------------------------------------------------------
--------------------------------------------------------------------------------------

**50-тапсырма. Өлеңді оқып, сын есімдерді теріп жаз, сұрақ қой.**

**Піл**

Пілдің басы жалпақ,

Құлағы дәу қалпақ.

Дәу болғанмен өзі,

Кіп-кішкентай көзі.

Тұмсығы оның ирек

Жүреді ылғи билеп.

*/Б.Жылқыбекұлы/*

-----------------------------------------------------------------------------------------
-----------------------------------------------------------------------------------------
-----------------------------------------------------------------------------------------
------------------------------------------------------------------------------------

**51-тапсырма. «Менің сүйікті жануарым» тақырыбында эссе жазу.**

-----------------------------------------------------------------------------------------
-----------------------------------------------------------------------------------------
-----------------------------------------------------------------------------------------
-----------------------------------------------------------------------------------------
-----------------------------------------------------------------------------------------
-----------------------------------------------------------------------------------------
-----------------------------------------------------------------------------------------
-----------------------------------------------------------------------------------------

**52-тапсырма.Мақалдарды жалғастырып жаз.**

«.........................» баласын «аппағым» дейді,

«....................» баласын «жұмсағым» дейді.

Ас атасы- «..................».

Көз «...........................», қол «................................» .

Отансыз адам – «..............................................».

Туған жердей «.....................» болмас,

Туған елдей «........................» болмас.

Жігітке жетпіс өнер де «.....................» .

Бірінші байлық – «...........................» .

**53-тапсырма. Мәтінді оқып, қарамен белгіленген сөздерді тәуелде.**

Мынау – біздің ***мектеп.*** Біздің мектеп үлкен.Мектеп үш қабатты. Біздің мектепте асхана, кітапхана, спортзал, бассейн бар. Асхана, спортзал және бассейн бірінші қабатта. Біздің кітапхана екінші қабатта. Біздің ***сынып*** бірінші қабатта. Маған біздің мектеп ұнайды.

Менің---------------------------------------------

Сенің----------------------------------------------

Сіздің---------------------------------------------

Оның----------------------------------------------

Біздің---------------------------------------------------

Сендердің--------------------------------------------

Сіздердің--------------------------------------------

Олардың-----------------------------------------------

**54-тапсырма. Мына сөздерге көптік жалғауын жалғап жаз.**

Есік............., тақта..............., үстел.............., парта................., терезе.................., орындық............. , кітап........., дәптер......, күнделік......., қалам........, қарындаш........, сызғыш........., өшіргіш......., ұштағыш......., қайшы.........., желім.........., бояу............ .

**55-тапсырма. Сұрақтарға жауап жаз.**

Қарлығаш нешінші сыныпта оқиды?

-----------------------------------------------------------

Оның сыныбы нешінші қабатта?

----------------------------------------------------------

Сынып қандай?

---------------------------------------------------------

Сыныпта нелер бар?

---------------------------------------------------------

Қарлығаштың партасы нешінші қатарда?

---------------------------------------------------------

Қарлығаш сабақта кіммен отырады?

---------------------------------------------------------

**56-тапсырма. Толықтырып жаз.**

Біз ........................ сабағында есеп шығарамыз. Біз ................... сабағында ағылшынша сөйлейміз. Біз ........................ сабағында қазақша сөйлейміз. Біз ......................... сабағында жаттығу жасаймыз, жүгіреміз, секіреміз, ойнаймыз.

**57-тапсырма.Өлеңнен қатаң дауыссыз дыбыстардың астын сыз.**

**Күнделік**

Күнделікті алайық,

Тақтаға бір қарайық.

Әдемі етіп бәріміз

Үй жұмысын жазайық.

Қараңдаршы, балалар,

Қандай бізге пайдалы

Үй жұмысын жазатын

Күнделіктің болғаны.

*/Ә.Шапағат/*

**58-тапсырма. Мәтінді оқып, етістіктерді теріп жаз.**

Маған күз мезгілі ұнайды. Күз айлары – қыркүйек, қазан, қараша. Күзде күн салқын болады. Жаңбыр жауады. Жел соғады. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Күзде жапырақтар сарғаяды. Олар қызыл, сары, жасыл, қоңыр, қызғылт сары түсті болады. Күзде балалар мектепке барады. Мектепте сабақ басталады. Күзде жеміс-жидектер, көкөністер піседі.

------------------------------------------------------------------------------------------
------------------------------------------------------------------------------------------
------------------------------------------------------------------------------------------
------------------------------------------------------------------------------------------
------------------------------------------------------------------------------------------

**59-тапсырма. Не істейді? сұрағына жауап беретін сөздерді теріп жаз.**

Менің досым бар.Оның аты – Берік. Ол тоғыз жаста. Беріктің бойы ұзын, шашы қара, қысқа. Қыр мұрынды. Берік спортпен айналысады. Ол бос уақытында компьютер ойнайды, кітап оқиды, музыка тыңдайды. Ол шахмат ойнауды да жақсы көреді.

------------------------------------------------------------------------------------------
------------------------------------------------------------------------------------------
------------------------------------------------------------------------------------------
------------------------------------------------------------------------------------------
------------------------------------------------------------------------------------------
------------------------------------------------------------------------------------------

**60-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті жалғауды жалғап жаз.**

Дос ....... /-ты,-ті/, достық /-қа,-ке/, Жолдас .... /-пен,-бен/,серуен .... /-нен,- ден/, көше ....... /-нің,-дің/, адам....... /-та, -да/ , сабақ ...... / -ты,- ті/, кітапхана ....... /-нан,- дан/, мектеп..... /-не,- те/.

## №1. ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР

*1.Дауысты дыбыстардың астын сыз.*

Ұзақ жолды қысқарту үшін, айдалада жортқан Ақан Мөңкеге неше түрлі қызықты ертегі, дастан, айтып, ара-тұра ән салып, кішіпейіл ақын баламен тең құрбысындай сыр шерткен. Ақтоқты, Ұрқия, Жамалдардың қайғысын айтып, ара-тұра күрсініп, жапанның сары даласында ұзақ мұңды күйге түскен. *(С.Жүнісов)*

*2.Мәтіндегі жуан дауыстылардың астын бір, жіңішке дауыстылардың астын екі сызықпен сызып шық.*

Ағайдың биыл отыз жеті мүшеліне толып, кемеліне келген кезі. Алтын зерлі айыр қалпақ пен өңіріне, жаға-жеңіне зер тұтқан жібек шапан тал бойына құп жарасып, тақ үстінде айбындап отыр. *(Қ.Жұмаділов)*

*3.Мәтінді көшіріп жаз.*

Оқушы Имаш үйінен шықты. Ол мектепке келе жатыр. Теміржол бойымен жүріп келеді. Кенет ол желінің үзілгенін байқады. Осы кезде алыстан поездың будақтаған түтіні көрінді. Имаш оны апаттан сақтамақ болды. Бала ақ көйлегін шешіп алды. Көйлегін бұлғап поезға қарсы жүрді. Машинист оны байқады. Поезд үзілген желіге жетпей тоқтады.
Апаттан сақтағаны үшін теміржолшылар Имашқа алғыс айтты.

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

______________________________________________________________________

## №2 ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР

*1. Жуан және жіңішке дауыстыларды жаз.*

______________________________________________________________________

*2.Мәтіндегі сөздерді жақтың қатысына қарай және еріннің, езудің қатысына қарай топтап жаз.*

Ісіңізге, еңбегіңізге, оқуыңызға нағыз адамгершілікпен кіріссеңіз, сөз жоқ, жеңіске жетесіздер. Сіздің мінез-қасиетіңізде адамгершілік бірінші болып орын алса, шыншыл, батыл, тиянақты, жігерлі және кішіпейіл адам болған болар едіңіз.
*(Қ Сәтбаев)*

*3.Өлеңнің авторы кім? «Отырардың күйреуі» деген тақырыпта әңгіме жаз.*

Алты ай бойы ерлік салтқа орын берген Отырар,
Алты ай бойы алапатта жеңілмеген Отырар
Алты-ақ күнде жермен-жексен қирады.
Ақыл-ойын жалындатқан,
Өнер, ғылым шамын жаққан
Ұлы қала Азияның маңдайына сыймады.

## №3 ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР

*1.Мәтіннен дауыссыз дыбыстардың астын сыз.*

Абай – өз заманының жаршысы. Оның шығармалары – сол заманның шежіресі. Оларда сол кездегі қазақ қауымының тұрмыс-тіршілігі барлық ерекшеліктерімен, тек өзіне ғана тән белгі-бедерімен, өзіндік бояу өрнектерімен мейілінше айқын да толық бейнеленген. Абайға баратын жол – ұзақ жол.

*(Ж. Смағұлов)*

*2.Төмендегі сөздерге керекті дыбыстарды жаз және қандай дыбыс екенін айт.*

Бота...өз, ше...ара, бейс...бі, қысты...үні, Жомарт...ек, қа...арман, гау...ар, Сар...арқа, ба...ыт.

*3.Мәтінді көшіріп жаз.*

**Дәріден де күшті ем**

Нағима апай бүгін ауырып отыр. Дәрігер шақыртқан жоқ. Сабақты тастап кете алмады. Балаларды ойлайды. Сабақта көңілсіз, үнсіз отыр. Балалар да мұғалімнің ауырғанын білді. Олар тыныш отыр. Мұғалімнің үстелінің үстіне біреуі алма, біреуі кәмпит, енді біреуі тоқаш, құрт қойып жатыр.

- Апай, мынаны жеңізші. Мүмкін, жазылып кетерсіз, - дейді балалар.

Нағима апай оларды құшақтап:

- Сендерге рақмет, балалар. Маған алма, кәмпит емес, сендердің түсінгендерің дәріден де күшті ем,- дейді.

## №4 МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

*1.Мәтелдердің тұрақты тіркестерге қандай ұқсастығы бар?*

*2.Төмендегі мақал-мәтелдердің жалғасын жаз.*

а) Ит тойған жеріне, ...
э) Ана сүтін ақтамағанды, ...
б) Ит үреді, ...

*3.Төмендегі мәтелдердің синонимдерін жаз.*

а) Ұлық болсаң, кішік бол.
ә) Кісі елінде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол.
б) Бұралқы ит үргенімен жағар.
в) Соқыр атқа қотыр ат үйір.

**№5** Мақал-мәтелдерді қаншалықты қолдана аласың?

*1.Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қой.*

а) Көз корқақ, _____________батыр.

ә) Әке – асқар _________________ ,

Ана – _________________бұлақ.

б) Тіспенен түйгенді _____________ шешеді.

*2.Мақал-мәтелдің жалғасын тап.*
а) Ананың көңілі балада,
............................................
ә)Атадан жаман ұл туса,
Елінің малын жейді.
............................................
............................................

б) Аяғы жаман төрді былғайды,
....................................................
в) Қайтып кірер есікті, .............................
г) Көп түкірсе, .........................................

*3.Мәтінді көшіріп жаз.*

**Ғұлама ғалым**

Ертеде бір ғұлама ғалым болыпты. Ол бір адамдардың байлықты жақсы көретінін байқады. Ғұлама ғалым айтты: «Сен ешқашан байлыққа жете алмайсың. Себебі адамда төрт байлық бар. Олар: денсаулық, білім, өнер, бақыт. Сендерде денсаулық бар. Денің сау болса, білім аласың. Ал білімің болса, сенде ақыл да, өнер де болады. Осылардың барлығының жемісін көріп, бақытты боласыңдар», - дейді.

---

---

**№6**

Кімдер? Нелер? қонақта

1-тапсырма «Еркін жазу» еркін тақырыпта 4 сөйлемнен тұратын бір ой жаз.

--------------------------------------------------------------------------------------------------------

--------------------------------------------------------------------------------------------------------

--------------------------------------------------------------------------------------------------------

--------------------------------------------------------------------------------------------------------

--------------------------------------------------------------------------------------------------------

--------------------------------------------------------------------------------------------------------

--------------------------------------------------------------------------------------------------------

2-тапсырма

Мақалды барлық топ орындап, топта талдау жүргізу.

Өнер-ағып жатқа бұлақ, Ата – бәйтерек,
Ғылым – жанып тұрған шырақ, Бала – жапырақ

3-тапсырма . Сөз тіркестерін құрап жаз

Зат есім+зат есім ----------------------------------------------------------------

Зат есім+етістік ------------------------------------------------------------------

Сан есім+зат есім ---------------------------------------------------------------

Зат есім+сын есім ---------------------------------------------------------------

**Балықшы тапсырмасы: «Сөзжұмбақты шешіп көр».**
**Ерекше жолдағы сөзге түсіндірме жұмыс жүргізу.**




1. **Ережені түсіндіру жұмысы.**

2. **Дәптермен жұмыс.**

**Көркем жазу сәті:**
**Зз әрпі.**

------------------------------------------------------------------------------------------------

------------------------------------------------------------------------------------------------

------------------------------------------------------------------------------------------------

------------------------------------------------------------------------------------------------

**Сөздер тобына тағы үш сөзден қосып жаз.**
***Адамдар: кім? нағашы,ақын,*** ----------------------------------------------------------------
-------------
***Өсімдіктер: не? түймедағы,*** ---------------------------------------------------------------
-------------
***Құстар: не? бүркіт,*** ---------------------------------------------------------------------
--------------
***Аңдар: не? жолбарыс,*** --------------------------------------------------------------------
-------------
***Көлік: не? трамвай,*** ---------------------------------------------------------------------
------------------------------------------------------------------------------------------------

**№7. Септік атаның еліне саяхат**
1- тапсырма
Сөздер ішінен Кім? сұрағына жауап беретін зат есімдерді бір бағанға, не? сұрағына жауап беретін зат есімдерді екінші бағанға бөліп жазу.
***Оқулық, мектеп, жиен, әже, көрпе, сызғыш, ата, балық, қасық,***

***вагон, дала, гүл, зығыр, ине, сағат, ғарыш, тау, өзен, үкі, футбол, шар, цирк, лашын, нағашы, етік, ілгіш, хабар.***

| | |
|---|---|
| | |
| | |

2- тапсырма
Сағат
«Сағат» сөзіне дыбыстық талдау жасау. (ауызша)

_______________________________________________
_______________________________________________
_______________________________________________
_______________________________________________
_______________________________________________
_______________________________________________
_______________________________________________

Құстар: не?
***Бүркіт,***_______________________________________
_______________________________________________
_______________________________________________

Балықтар::не?
***Жайын,***_______________________________________
_______________________________________________
_______________________________________________
_______________________________________________
_______________________________________________
_______________________________________________

Көлік атауларын ауызша ата.

Зат есімнің неше түрі бар? Зат есімнің көпше түрінің сұрағын ата.
Жалғаулары:
_______________________________________________
_______________________________________________
_______________________________________________

*«Аға»* сөзін көпше түрде тәуелде.

Негізгі түбірден болған зат есімді қандай зат есім дейміз? Мысал келтір.
**Туынды зат есім дегеніміз не?**
**Мысыл келтір.**

**Мақалды көшіріп жаз.**
*Өнер –ағып жатқан бұлақ,*
*Ғылым – жанып тұрған шырақ*
Зат есімнің астын сыз.

**№8. Мен кіммін? сызбамен жұмыс**
1. Заттың атын, сынын, санын білдіретін сөздерді тап.
Тағa-аттың тұяғына қағылатын ат әбзелі. Таулы-тасты жерлерде жылқының тұяғы мүжілмес үшін және майтабанына тас батпас үшін атты тағалап отырады.
2 Сұрақтары:
1. Сөз дегеніміз не? Сөз таптары деген не?
2. Түбір сөз дегеніміз не? Мысал келтір.
3. Сөздің түбірге жалғанған бөлігін не дейміз?
4. Қосымша нешеге бөлінеді?
5. Жұрнақ деген не?
6. Сөз бен сөзді байланыстыратын қосымшаны ата.
7. Қосымшаның қай түрі бұрын жалғанады?
8. Сөз таптарын ата.

(Кім? Сұрағына жауап беретін сөздерге сөйлем құрау)

**№9. Нақты сұраққа жауап беретін сөздер**
Грамматикалық тілдік жаттығулар:
С. Торайғыровтың
«Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе.
Адамдықты іздесең,
Жаттап, тоқы көңілге»
өлеңді түсініп, мәнерлеп оқу, өлеңдегі әрбір сөзге сұрақтар қойылады

_____________________________________________

Көркем жазу.

*асыл*_____________________________________________

*мұра*_____________________________________________

Шекарашылар деп кімдерді айтамыз? Олардың біз үшін қандай маңыздылығы бар? Сендер де шекарашылар болғыларың келеді? Неліктен? Мәтіндегі әрбір сөздің үстіне тиісті сұрағын қою.
*Шекарашылар күзетте тұрады. Олар еліміздің шекарасын қорғайды.*

*Шекарашылар – ер жүрек батырлар.*

«Қане ойланып көрелік» проблемалық сұрағы
- Қалай ойлайсыңдар, сөйлемдегі қандай сөздер нақты сұраққа жауап береді екен?

---------------------------------------------------------------------------------------------------------------
---------------------------------------------------------------------------------------------------------------
---------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Ережемен жұмыс:

«Олай болса, сөйлем құрамындағы нақты сұраққа жауап беріп тұрған толық мағыналы сөздерді сөйлем мүшелері дейміз». Ережені оқу, талдау, есте сақтау.

Мәтінді оқу, түсіндіру, көркем етіп көшіріп жазу. Әр сөйлемде неше сөйлем мүшесі бар? Әр сөйлемдегі сөз саны мен сөйлем мүшелерінің саны бірдей болып келмейтінін аңғарту.

*Мәлік Ғабдуллин ғалым. Ұлы Отан соғысына қатысты. Өзінің ерлігімен ерекшеленді. Оған Батыр атағы берілді. Соғыстан соң ол халқына адал қызмет етті.*

_____________________________________________
_____________________________________________
_____________________________________________
_____________________________________________
_____________________________________________
_____________________________________________

«Кел, мақал құрастырайық» ойыны

Ойынның шарты: үш топқа бөлініп, әр топ өздеріне берілген сөздерден мақал құрастырып жазады. Қай топ бірінші және дұрыс орындаса, сол топ жеңімпаз атанады.

1. Асырайды, тігінші, инесі.
2. Шәкірт, озар, ұстаздан.
3. Жан, жақсы, семірер, сөзге.

**№10. Оқушының білім деңгейін анықтау**

1. **Сөйлем мүшелері дегеніміз не?**

А) Сөйлемдегі мағынасыз мүшені сөйлем мүшесі дейміз.

Ә) Бас әріппен жазылған сөзді сөйлем мүшесі дейміз.

Б) Сөйлем құрамындағы нақты сұраққа жауап беріп тұрған толық мағыналы сөздерді сөйлем мүшелері дейміз.

**2. Бастауыш пен баяндауыш сөйлемнің қандай мүшелері деп аталады?**

А) Тұрлаусыз мүшелері.

Ә) Тұрлаулы мүшелері.

Б) Анықтауыш мүшелері.

**3. Бастауыштың сұрақтарын тап?**

А) Кім? Не?

Ә) Кімге? Неге? Қайда?

Б) Не істеді? Не қылды? Қайтті?

**4. Сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері нешеге бөлінеді?**

А) 2 Ә) 3 Б) 4

**5. Баяндауыш дегеніміз не?**

А) Кімге? Неге? Қайда? деген сұрақтарға жауап беретін сөздерді баяндауыш дейміз.

Ә) Сөйлемнің негізгі мүшесін баяндауыш дейміз.

Б) Бастауыштың ісін, қимылын білдіретін сөздерді баяндауыш дейміз.

**6. Берілген сызбаға қай сөйлем сәйкес келеді?**
~~~~~~~~~~ ~~~~~~~~~~
А) Оқушыларды қызықты сапарға аттандырды.
Ә) Осымен үшінші рет келді.
Б) Қонақтар үйге кірді.
**7. Сөйлемдегі тұрлаусыз мүшені көрсет.**
А) Құстар тоғайға қонды.
Ә) Қонды.
Б) Тоғайға.
**8. Қай бағандағы жалғауларды көп нүктенің орнына қойып сөзді аяқтауға болады?**
**Қуыршақ... , өсімдік... , шағала.... .**
А) дар Ә) тар Б) тер
дер тер дер
лер лар дар
**9. Туынды сөзді көрсет.**
А) татулық Ә) дойбы Б) қызмет
**10. Көп нүктенің орнына тәуелдік жалғаулы сөздерді қой.**
**Менің .... сенің .... оның ....**
А) Дәптер, дәптерің, дәптері.
Ә) Дәптерім, дәптерің, дәптері.
Б) Дәптерім, дәптерің, дәптерлері.

**№11.** ***И, й, у әріптерінің жазылуын қайталау.***
**Сөздік диктант**

1. Уақыт, уылдырық, меруерт, уыстау, қырау, тұсау, ашудас, хайуанат, миуа, қиюластыру, уағда, уілдеу, уылдырық, татулық, шашу, бурыл.
- Өзің қалаған үш-төрт сөзбен сөйлем құрастыру.

2. Қайық, күйші, тыйылды, байиды, қайықшы, сыйлық, қайшы, торғай, лайықты, сыйымды, таңдай, сыйлау, тайлақ, шайнек, түйнек, тыйым.
- Сыйлық сөзінің түбірін тап, басқа қандай сөз жасауға болады? Жаз.

3. Инелік, жиен, киім, тәрбиеші, биыл, жиналыс, биік, табиғат, сиыр, сирек, иірім, қия, хикая, пирамида, жиһаз, қария, аквариум.
- Пирамида сөзін қалай тасымалдауға болатынын жазып көрсет.
~~~~~~~~~~

**Көру диктанты.**

**Берекелі алтын күз**

Қайтқан құсты көрдің бе,
Қаптай ұшқан әуелеп.
Күткен күзім, келдің бе,
Сыңсып бағың мәуелеп.

Қамба толды астыққа,
Алғыс саған, алтын күз!
Бір уыс дән шаштық та,
Қап-қап қауын алдық біз.
Ескен Елубаев.

- Өлеңнің бір немесе екі шумағын жатқа жазу. **У** дыбысы бар сөздердің астын сызу.

№12. ***Я, ю әріптерінің жазылуын қайталау.***

**Сөздік диктант**

Тиянақты, ою, аяз, сарғаю, зиянды, биязы, көркею, марқаю, аяқ, тою, сия, оюшы, молаяды, Әсия, тою, күю, дария, сыяды, қою.

- Биязы, молаяды, тиянақты, зиянды сөздерін буынға бөліп жаз.

**Терме диктант**

**Жаңылтпаш**

Қырықаяқ, қырықаяқ,
Қырық аяғы — қырық таяқ,
Қырықаяқтың өзі – құрттай-ақ.

- **Я** әрпі бар сөздерді теріп жаз, сол сөздермен сөйлем құрастыр.

**1. Сөздік диктант**

__________________________________________________________________________________________________

__________________________________________________________________________________________________

__________________________________________________________________________________________________

__________________________________________________________________________________________________

__________________________________________________________________________________________________

__________________________________________________________________________________________________

__________________________________________________________________________________________________

Өзің қалаған үш-төрт сөзбен сөйлем құрастыру.

__________________________________________________________________________________________________

__________________________________________________________________________________________________

2.

***Сыйлық*** сөзінің түбірін тап, басқа қандай сөз жасауға болады? Жаз.

3.

***Пирамида*** сөзін қалай тасымалдауға болатынын жазып көрсет.

**4. Көру диктанты.**

**Берекелі алтын күз**
Қайтқан құсты көрдің бе,

Қаптай ұшқан әуелеп.
Күткен күзім, келдің бе,
Сыңсып бағың мәуелеп.

Өлеңді көшіріп жаз. **У** дыбысы бар сөздердің астын сызу.

***Я, ю әріптерінің жазылуын қайталау.***

**Сөздік диктант**

**Терме диктант**

**Жаңылтпаш**

Қырықаяқ, қырықаяқ,
Қырық аяғы — қырық таяқ,
Қырықаяқтың өзі – құрттай-ақ.

- **Я** әрпі бар сөздерді теріп жаз, сол сөздермен сөйлем құрастыр.

**№13. Өзара бір-бірімен мағына жағынан байланысқан сөйлемдер.**

**Тапсырма-1**. Мәтінді көшіріп жаз

Мынау – базар. Базарда киімдер, аяқ киімдер, ыдыстар, ойыншықтар, жемістер, көкөністер сатылады. Базарға мен әжеммен бардым. Әжем алма, алша, қияр, картоп сатып алды.

**2-кезең. «Кім жылдам?» ойыны.**

Картоп, жүзім, шай, май, өрік, қант, алма, шабдалы, қияр, қарбыз, қызылша, сәбіз, шие, ет, сүт, ірімшік, алша

| жемістер | көкөністер | Азық-түліктер |
| --- | --- | --- |
| | | |

**3-ші кезең. Біліміңді шыңда. Берілген сурет бойынша жаңа сөздерді пайдалана отырып бірнеше сөйлем құрастыр**

Бұл – базар.



**4-ші кезең. «Ойлан, тап» ойыны.**

(Кейбір сандардын бірінші дыбысын дұрыс атап,сөзді оқы)

| |
|---|
| 5 |
| 6 |
| з |
| 6 |
| *р* |

**№ 14. Не істеді? Қандай? және Не үшін? сұрағына жауап беретін сөйлемдер**.

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| Бүркіт | Ақ аю | Жолбарыс |
| … ….. …. ….. Мысалы: Бүркіт жыртқыш құс. Оның денесі ірілеу, көзі қырағы болады. Ол қанатын кең жайып ұшады. | …… …. …. ….. Ақ аюдың денесі ірі, терісі ақ түсті болады. Ақ аю жыртқыш аң. | ….. ….. …. …. Жолбарыстың терісінде қара жолақтар болғандықтан солай атаған. Оның тістері мен тырнақтары өткір болады. |

-*Мәтіннің қандай түрлері болады?*
-*Мәтіннің қандай бөліктері болады?*
-*Мәтінді құру үшін не қажет?*

*2. Суреттер бойынша сипаттау, пайымдау, әңгімелеу мәтіндерін құрап жаз*



*Пайымдау мәтіні*



Сипаттау мәтіні



*Әңгімелеу мәтіні*

**№15. Мәтін «*Сөз ойла, тез ойла*» *ойыны***
Суреттегі заттардың атауымен туынды етістік жасау.
***Сөйлем құрау.***

 те  деді



да  ла

 ла

Ағаш басындағы етістіктерді теріп жазу
көзде, жырла, қапта, суретші, баста, қар,  қолда.

***«Ребустар шешу»***

 

Ребус шешу
К 50’

8,,, 2 Р

**Сабақ №16.**

## СЫН ЕСІМ

*1.Төмендегі сын есімдердің антонимін жаз.*
Үлкен, кәрі, жақсы, ауыр, кір, қараңғы, терең, сусыз, орманды, көлді.
***Үлгі:*** ащы-тұщы, жақсы-жаман.

____________________________________________________________________
____________________________________________________________________
____________________________________________________________________

**ТАПСЫРМА**

Балабақшадан қайтқан Адай үйге қабағы түсіп, ренжіп келді де, үлкен бөлмеге кірген соң, бұрышқа барып тұрды да қойды. Демалып жатқан атасы немересінің бұл жайын сұрады.
– Ақлима апай үйге барған соң, бір сағат бұрышта тұр деген еді. Мен бүгін Қалимен төбелесіп қалдым,– деді Адай.
Атасы оның қылығына күліп, тік көтеріп алды да, құшырлана бетінен сүйді. Сонан соң өзінің қасына отырғызды.
– Мен Ақлима апайыңа бұрышқа тұр деген тапсырмаң орындалды

дейін.
– Жоқ, өтірік айтуға болмайды.
Ақыры Асқар бір сағат тік тұрып, тәрбиешінің тапсырмасын орындады. *(Шәкен КҮМІСБАЕВ)*

**Сабақ №17**

## САН ЕСІМ

*1. Дара сан есімдерді бір бөлек, күрделі сан есімдерді бір бөлек жаз.*

Бір, он екі, жүз, тоқсан, он бес, төрт, екі жүз елу, мың, қырық, жиырма үш, жеті, тоғыз, алтау, екеу, елу бесінші, бес-бестен, үш-үштен.

| *Дара сан есім* | *Күрделі сын есім* |
|---|---|
| | |

*2.Төмендегі сан есімдерді цифрмен жаз.*

Он бесте, он екінші, екінші мектеп, бесеу, жүздей, бес-бестен, жиырмаларда, отызыншы қазан, жиырма бірінші ғасыр.

*3.Мәтінді көшіріп жаз.*

## ҚҰСТАР НЕ ДЕЙДІ

Бір қу кісі елге:
– Құстың тілін білемін,– деп мақтаныпты. Сонда тыңдаушылар:
– Қане, айта қойшы, анау құстар не дейді?– деп сұрайды. Қу құстар жаққа құлағын түріп тұрады да:
– Қарға: «Қанша екен, қанша екен?..», Құзғын: «Шық, қымбат, шық, қымбат!» деп отыр,– дейді. *(Балтабай ӘДІЛОВ)*

**Сабақ №18**

## САН ЕСІМ

*1.Төмендегі сан есімдердің цифрмен берілгендерін сөзбен, сөзбен жазылғандарын цифрмен жаз, дара, күрделісін ажырап*
30-40, он бесінші үй, үшеу, елу шакты, бес жарым, төрт-төрттен, екінші,

сексен тоғыздай.

2.*Төмендегі мақал-мәтелдерден дара және күрделі сан есімдерді ажыратып, цифрмен жаз.*

*3.Мәтінді көшіріп жаз.*

**ЖАМАН ЖОЛДАС**

Екі дос кісі жолда келе жатып, бір аюға ұшырапты. Бұл екі кісінің біреуі әлсіз, ауру екен. Екіншісі мықты, жас жігіт, аюды көрген соң, бұл жігіт ауру жолдасын тастап, өзі бір үлкен ағаштың басына шығып кетті дейді. Ауру байғұс ағашқа шығуға дәрмені жоқ, жерге құлады да, созылып өлген кісі болды да жатты. Естуі бар еді, «аю өлген кісіге тимейді» деп. Аю бұл жатқан кісінің қасына келіп иіскелеп тұрды да, дыбысы білінбеген соң, тастап жөніне кетті. Мұнан соң манағы жолдасы ағаштан түсіп, аурудан сұрапты:
– Достым, аю құлағыңа не деп сыбырлап кетті?
Ауру айтты дейді:
– Аю құлағыма ақыл сыбырлады: «Екінші рет тар жерде жолдасын тастап қашатын адаммен жолдас болма» деді,– дейді. (*Ыбырай АЛТЫНСАРИН)*

№19. Реттік сан есім

Көп нүктенің орнына есептік сан есімді реттік сан есімге айналдырып жаз.
Реттік сан есімдердің құрамындағы жұрнақтарды тиісті белгімен белгіле.
Әр қатардағы сан есімдерге сұрақ қой. Олардың мағыналық өзгешелігін айтып түсіндір.
Бір қатар __________ қатар
Үш орын ____________ орын
Тоғыз мектеп ___________ мектеп
Алты сынып _______________ сынып

Мақал - мәтелді жалғастыру.
Батыр... рет өледі. \бір\
Қорқақ... рет өледі. \ мың\
... атасын білмеген жетесіз. \жеті\
... рет өлшеп,... рет кес. \жеті, бір\
Ер жігіттің... сөйлегені өлгені. \екі\
....... тістен шыққан сөз... рулы елге тарайды.\отыз екі, қырық \
Ел құлағы... \елу\
Білекті... жығады, білімді... жығады \бірді, мыңды\

Реттік сан есімдерді сөз құрамына талда.
Реттік сан есімдерге жалғанған қосымшаның екі түрлі (- ншы,- нші) болу себебін түсіндір.
Бірінші, екінші, бесінші, алтыншы, жетінші, тоғызыншы, оныншы, отызыншы.

*№20. Есептік сан есім*

*1. Заттың санын, ретін білдіретін сөз табын анықтаңыз.*
*A) Сан есім.*
*B) Зат есім.*
*C) Сын есім.*
*D) Етістік.*

*2. Сан есімі бар мақал - мәтелді табыңыз.*
*A) Туған жерге туың тік.*
*B) Жеті рет өлшеп, бір рет кес.*
*C) Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.*
*D) Отансыз адам - ормансыз бұлбұл.*

*3. Реттік сан есімді белгілеңіз.*
*A) Жүз.*
*B) Тоғызыншы.*
*C) Бесеу.*
*D) Отыздаған.*

*4. Реттік сан есімнің жұрнағын табыңыз.*
*A) – ау, - еу.*
*B) – тан, - тен.*
*C) – ыншы, - інші.*
*D) – шы, - ші.*

*5. Есептік сан есімді табыңыз.*
*A) Бес.*
*B) Алтау.*
*C) Сегізінші.*
*D) Он тоғызыншы*

## 21. ЕТІСТІК

*1.Төмендегі етістіктерден сөйлем құра.*
Келе жатыр, сөйледі, жазда ойнап жүр, айтты.

*2.Төмендегі болымды етістікті болымсыз етістікке айналдырып сөйлем құра.* Сөйле, жаз, қара, жүгір, айтыс, оқы, кел.

*3.Мәтінді көшіріп жаз.*

**Жігітті жолдасынан таниды**

Данышпан қарияға бір жас жігіт келіп:

- Ақсақал, мен қандай жігітпін? Айтыңызшы, - депті.

Қарт жігіттің жолдасын шақырып алады. Онымен сөйлеседі, сынайды. Сосын әлгі жігіттің өзін шақырады. Жігіт келген соң:

- Сен жаман жігіт емессің, адамшылығың да, ақылың да бар екен, - депті.
- Оны қайдан білдіңіз, мені сынап көрмедіңіз ғой, - дейді сонда жігіт.
- Жігітті жолдасынан таниды» деген мақалға сендім, - деп қарт күледі.

№**22.** Қаратпа сөздер

1. Өмір жасың ұзақ болсын, ...! 2. Ой, ..., ...! Ойналық та күлелік.
3. ..., бұдан былай мақтанба, әркімнің өз өнері , өз орны бар. 4. Рақмет, .

Керекті сөздер: Сәкен қарағым, балалар, балалар, балақай, балам.

Өлең мазмұнына сәйкес келетін қаратпа сөзі бар сөйлем сызбасын тап.
Балақай
-Бүлдірген тереміз, балақай.
-Алақай!
-Ат жарыс көреміз, балақай.
-Алақай!
-Айғаұшып барамыз, балақай.
-Кел ,ағаш жарамыз, балақай.

**№23. Қаратпа сөздер**
Толықтыру тесті.
Өлеңнен қаратпа сөздерді тауып, оларды тыныс белгілермен толықтыр.
«Бесік жыры»
Әлди, әлди ақ бөпем
Ақ бесікке жат бөпем.
Жылама бөпем жылама,
Жілік шағып берейін,
Байқұтанның құйрығын
Жіпке тағып берейін.
Қуып ойдың жетегі,

Біліп ғылым тетігін,
Ғалым болар ма екенсің?
Еңбек етіп бар елге,
Өнеріңмен әлемге
Мәлім болар ма екенсің?
Көп қиыннан өтерсің,
Мақсатыңа жетерсің.
Ұйықтай қойшы бөпешім!
(«Бесік жыры» кітабынан)

______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________
______________________________________________________________________

## №24. Шығармашылық диктант

1. Көп нүктенің орнына сол сөзге мағынасы жуық сөз тауып жазу.

Батыр, …
Көркем, …
Алыс, …

2. Берілген сөздерге мағынасы қарама-қарсы сөз жазу.

таза– …  биік – …
тар – …  ұзын – …
қымбат – …  ыстық – …

3. Көп нүктенің орнына **қою** деген сөзді қойып, көшіріп жазу. Ол сөздің мағынасын түсіндіру.

Сүт … ұйыды.
… қара бұлт төнді.
Қарындашты орнына … керек.

Концерт …ға келдік.

**№25**

1.Түбір сөзді тап.
а) әнші
ә) кітап
б) кәсіпкерден

2. Туынды сөзді белгіле.
а) көлшік
ә) өрнек
б) өнер

3. Жуан буынды сөзді тап.
а) үлгілі
ә) қуаныш
б) көршілер

4. Жіңішке буынды сөзді тап.
а) достық
ә) көлігі
б) бағала

5. Қосымшалы сөз қайсы?
а) жалқаулық
ә) жиек
б) қонақ

6. Зат есімді тап.
а) үлкен
ә) ақын
б) бесеу

7. Қосымшалы зат есім қайсы?
а) үйлер
ә) Әсел
б) адам

8. Негізгі зат есімді тап.

а) ыдыс
ә) күйші
б) ойыншық

9. Тәуелдік жалғау дегеніміз не?
а) заттың атын білдіреді
ә) заттың біреуге меншікті екенін білдіретін қосымшалар
б) заттың қимылын білдіреді

10. Көпше түрде тәуелденген сөз қайсы?
а) достарымыз
ә) бағбан
б) досы

**Жұмбақтар.**

1.Мұртымен туады,
Мұртын күнде жуады.
2.Шұқшитып кеп әуелі,
Сені әрбір әріпке.
Суреттері әдемі,
Бұл қай кітап болады?
3.Жарқ етсе сабау қамшы,көрсетіп жауар тамшы.
4.Ұрамыз ол байғұсты таяқпен де,
Тебеміз сәті түссе аяқпен де.
Томпаңдап жүгіреді ұрған сайын,
Басынан сипамайды ешбір пенде.
5.Сақалы бар сиыр,
Тал-терекке үйір.
6.Сырт-сырт соғады,
Уақыттан озады.
Жұмбақтардың алғашқы әріптерін біріктіріп, Мәндес деген сөзді шығардық. Ендеше, ханның **Батыр, Ер, Ержүрек, Өжет, Батыл, Өр** деген ұлдары қандай хандыққа бірікті. **«Мәндес»** деген хандыққа бірікті.
Ендеше, бүгінгі жаңа сабағымыздың тақырыбы: «Мәндес сөздер»
Көп нүктенің орнына сол сөзге мағынасы жуық сөздер тауып жаз.
Алыс, қашық, шалғай. Әдемі, сұлу, көркем, ару, әсем.
Зәулім,биік. Батыр, Ер, Ержүрек, Өжет, Батыл, Өр.

## №27. Мәндес сөздер

«Сыңарын тап» ойыны
Әр топқа жеке жұмыс беріледі. Мына сөздердің сыңарын тауып жаз
Алғырлар: аласа, ескі, жарық
Білгірлер: үлкен, ащы, жақсы
Зеректер: тез, алыс, қара

Шығармашылық тапсырма:
Жаз және күз суретіне қарап сөйлем шағын мәтін құрастырып жаз
Керекті сөздер ыстық, жылы, суық, жасыл, ақ.

________________________________________________________________
________________________________________________________________
________________________________________________________________
________________________________________________________________
________________________________________________________________
________________________________________________________________
________________________________________________________________
________________________________________________________________
________________________________________________________________
________________________________________________________________
________________________________________________________________
________________________________________________________________

## №28.

***Мысалдар келтіру:***
*Қара шалбар, таза дәптер (негізгі сын есім)*
*Кешкі ауа, өнерлі жігіт, көшпелі ел (туынды сын есім)*
*Көк, көкшіл, көкпеңбек (дара сын есім)*
*Көк ала, қара ала (күрделі сын есім)*
***Суреттер көрсетіп, олардың аттарын атату.***
*Оны немен атап тұрмыз? (сөзбен)*
*Сөз деген не? (зат)*
*Ол заттың мағынасының не екенін білесің бе?*
*Сөз мағынасының түрлері туралы не айта аласың? Мысал келтір.*
*Мағынасы жуық сөздер. (мейірімді, қайырымды, иманды)*
*Мағынасы қарама-қарсы сөздер. (жас-кәрі, сулы-құрғақ)*
*Дыбысталуы бірдей, мағыналары әр басқа сөздер.*

*Сызбаны көрсете отырып толық мағұлмат беру.*
*Үлкен – кіші*
*Бұл мағынасы қарама-қарсы сөздер, өйткені олар бір сөз табына жатады.*
*Мағынасы мәндес сөздер – олар бір сөз табына жатады,бұл сөздер мағыналары жуық, бірінің орнына бірін қолдануға болады.*

***Ойын: «Ойна, ойла, толықтыр»***

| | |
|---|---|
| *жақсы -* | *жұқа –* |
| *- тұщы* | *- ылғал* |
| *оңай -* | *жуан -* |

*Қандай қорытынды жасауға болады?*

## №29. Сан есім

«Ойлан, тап!» ойыны
1-топ тапсырмасы.
а. Көп нүктенің орнына тиісті сан есімді қойып жаз. Мақалдың мағынасын ашу.
1. Білекті... жығады, білімді... жығады.
2.... кісі... жақ, қыңыр кісі... жақ.
3.... ауыз сөздің тобықтай түйіні бар.
4. Ер... өледі, қорқақ... өледі.
2 - топ тапсырмасы.
ә. Жұмбақты оқып, шешуін тап. Сан есімді тауып, қай сөзбен байланысып тұрғанын сызбамен көрсет. Олардың қай сөз табы екенін айт.
1. Кезікті бір жануар, үстінде екі тауы бар.(түйе)
2. Ағайынды бес құрдас, бірдей болып еш тұрмас.(саусақтар)

«Кім жылдам?» ойыны

1-топ тапсырмасы
А) Құрамында сан есімі бар сөздерді сөзбен жаз.
К+2+лік, 1+қазан, 40+жапырақ, 40+буын, жел+90, к+3ік.
2 - топ тапсырмасы.
Ә) Кекілік, бірқазан сөздеріне сатылай кешенді дыбыстық талдау жаса.

______________________________________________________________
______________________________________________________________
______________________________________________________________

## №30. Сан есім

Ал менің сендерге не тілейтінімді білгілерің келсе, мына өрнектерді шығарып беріңдер.
100-25 с 54-49 л
64-57 у 72-7 н
88-77 е 32-31 қ
84+13 ы 50+40 а
80-76 д

**4 11 65 75 90 7 5 97 1**
**д е н с а у л ы қ**

-Міне, балалар,менің тілегім, басты байлық – денсаулық.
**II. Қызығушылықты ояту.**
-Балалар мына суретте тауықтарды көріп тұрмыз. Тауық нешеу, балапан нешеу?
Көктемнің ашық жанға жайлы күнінде тауық балапандарымен жайылып жүр.
-Ал бұл не?
-Түлкі.
Түлкі тауықтың балапандарын ұрлап алды, мына тапсырмаларды орындасақ түлкі балапандарды кайтарады.
-Осы сызбадағы сандарды қалай топтауға болады.

## №31. Нақты емес шамамен айтылатын сан есімдер

**1-тапсырма. Берілген цифрларды сөзбен жазып көрейік.**

1 таңбалы. 2 таңбалы.

4 11 ________________________________________________

5 65________________________________________________

7 75________________________________________________

1 90________________________________________________

**2. Анықтамасы мен сұрақтарын жаз.**

**Сан есім.**

**анықтамасы:**________________________________________

**сұрақтары:**

________________________________________________

**3.Көркем жазу.**

Қырық қабат жейде,

Осыны да жейді ел.

**4.Төмендегі сұрақтарға жауап жаз.**

1.Неше?

2.Қанша?

3.Нешеу?

4.Нешінші?

**5. Берілген сөздердің ішіндегі сан есімдерді тауып, зат есімдермен тіркестіріп жаз. Осы сөздерді қатыстырып бірнеше сөйлем құрастыр.**

***Сөре, төрт, кітап, бесінші, алтауы, ұя, құстар, жетінші, үшінші, ағаш, бұта, үш.***

## №32. Сан есім

**3.Логикалық жұмбақ.**

Аулада бес үйрек,
Қорада үш үйрек.
Бір үйрек тығылды,
Біреуі жығылды,
Қалғаны неше үйрек? **6** үйрек.
11 түйе,5жылқы,2сиыр, 2ешкі, 2қоян, 3түлкі,
таба алмасаң,
бол күлкі. 25

Өлеңді түсініп оқы.Сан есімдерге –інші, -ыншы жұрнақтарының тиістісін жалғап жаз.

Бірінші, оныншы.

## №33. **Сан есімнен туралы нені білдік? Қайталау сабағы**

1. Сөзжұмбақ шешу
1. Балалардың ойыны
2. Қазақстанның астанасы
3. Ең қымбат адам
4. Алтай Республикасының бір ауданы
5. Баланы тербететін
6. Жануар
7. Қазақ халқының батыры
8 Қосағаш ауданының әншісі
9. Қоянның баласы
10. Қазақ халқының аспабы

2. Сан есім туралы біз не білеміз?

Қандай сұрақтарға жауап береді? ------------------------------------------------------------------
----------------------------------------------------------------------------------------------------
Мағыналық түрлерін атаңдар -----------------------------------------------------------------------
----------------------------------------------------------------------------------------------------
Құрамдық түрлері? -----------------------------------------------------------------------------------
----------------------------------------------------------------------------------------------------
Сөйлемде қандай мүшенің қызметін атқарады? ------------------------------------------
----------------------------------------------------------------------------------------------------
----------------------------------------------------------------------------------------------------

Қазақ халқында қандай сандар қасиетті болып саналады? (-----------------------
----------)
Есте сақтаңдар!

| | | |
|---|---|---|
| Жеті қазына:<br>1. Ер жігіт<br>2. Сұлу әйел<br>3. Ақыл, білім<br>4. Жүйрік ат<br>5. Қыран бүркіт<br>6. Берен мылтық<br>7. Жүйрік тазы | Жеті күн:<br>1. Бүгін<br>2. Ертең<br>3. Бүрсігүні<br>4. Арғы күн<br>5. Ауыр күн<br>6. Соңғы күн<br>7. Азына | Жеті жетім:<br>Тыңдамаған сөз жетім,<br>Киюсіз тозған бөз жетім,<br>Иесіз қалған жер жетім,<br>Басшысы жоқ ел жетім,<br>Аққу - қазсыз көл жетім,<br>Замандасы қалмаса -<br>Бәрінен де сол жетім. |

«Кім тапқыр?» екен өлең есеп шешейік.

| | |
|---|---|
| Айдын көлге жұп аққу<br>Ұшып келіп қонысты<br>Үш қаз және екі үйрек<br>Жүзіп жүріп жолықты<br>Қарсы алуға оларды<br>Төрт балапан шығысты<br>Жауабын тез айта салшы<br>Барлық құс нешеу болысты? | Алдымда<br>Әкем, анам бар<br>Білмесеңдер біліңдер<br>Әпкем, көкем бар<br>Өзім бармын, інім бар<br>Қанша болдық бәріміз?<br>Қанша болдық біліп ал. |

1. «Есептік сан есім» - «Количественные числительные» Мәтіннен есептік сан есімдерді тап. Астын тиісті сызықпен сыз. **Алтай Республикасының астанасы – Горно - Алтайск қаласы. Оның көлемі - 92, 6 мың кв. км. халық саны – 205, 6 мың адам. Республикада 10 аудан, 1 қала. Ең биік тау – Белуха, оның биіктігі - 5448 метр.**

2. Ақтөбеде біреу, Өскеменде жоқ, Алматыда екеу, Астанада үшеу? Ол не?

________________________________________

________________________________________

Реттік және есептік сан емідерге 2 сөйлемнен құрап жаз.
Болжалдық сан есімдерге байланысты 4 сөйлем құрап жаз.

________________________________________

________________________________________

________________________________________

________________________________________

________________________________________

________________________________________

________________________________________

________________________________________

## №-34 сабақ

1. Буынға дұрыс бөлінген сөзді белгілеңіз.
A) Шап — ал - ақ - тап C) Ша – пал – ақ – тап.
B) Ша - па – лақ - тап Д) Шапал - ақтап.

2. Түбірлес сөзді белгілеңіз.
A) Күйді, күйші.

C) Суға, асу.
B) Бастың, басқа. Д) Бас, бастық, басшы.

3. «Көл» сөзіне дұрыс жалғанатын қосымшаны табыңыз.
A) - тан. C) – дер. B) – дан. Д) – тен.

4. – хана жұрнағын қандай сөзге жалғауға болатынын белгілеңіз.
A) Су . C) Сұлу . B) Кітап. Д) Күріш.

5. Тәуелденген зат есімдерді көрсетіңіз.
A) Дәріханаға, дәрігер. C) Өлкең, мекенің.
B) Еденде, жүгеріден. Д) Көкпеңбек, жапырақпен

6. Қосымша қаншаға бөлінеді?
A) 6-ға Ә) 4-ке. Б) 2-ге. B) 3-ке

7. Жалпы есімді табыңыз.
A) Қала. C) Атырау.
B) Алатау. Д) Айнұр.

8. Жұрнақ жалғанған сөзді табыңыз.
A) Етікпен. C) Етікке.
B) Етікті Д) Етікші.

9. Бос орынға тиісті зат есімді қойыңыз.
Күнге басын бұрып, күнді бағыттап тұрғандықтан, бұл өсімдікті...... дейді.
A) Күнделік. C) Күнбағыс.
B) Күнжара. Д) Күнтізбе.

10. Негізгі сын есімді көрсетіңіз.
A) Қалың C) Қауындай.

В) Ақылды Д) Құрлық.

11. Болымсыз етістіктерді көрсетіңіз.
А) Терілді, айтылды. С) Сызған, болған.
В) Өкпелеме, жұтпа. Д) Қапта, биле.

12. Реттік сан есім жасайтын жұрнақтарды белгілеңіз.
А) – лар, - лер. С) – шы, - ші.
В) – еу, - ау. Д) – ыншы, - інші – ншы - нші.

13.Үй: сөзіне қатысы бар сөзді көрсетіңіз.
А) Кітабыңыз. С) Нан
В) Есік. Д) Арман.

14. Туынды сөзді көрсетіңіз.
А) Қарт С ) Бас.
В) Сыйлау. Д ) Тый.

15. Одағай сөзді табыңыз.
А ) Сара, сен далаға шығасың ба? В) САРА, АЛМА далаға шығады.
С ) Сара далаға шықпайды. Д ) Түу, дала неткен керемет !

16. Сөйлеу қалай жүзеге асатынын көрсетіңіз.
А) Тіл арқылы. В) Мәтін арқылы.
С) Кітап арқылы. Д) Қағаз арқылы.

17 . «Аспан» сөзімен байланысы бар сөзді көрсетіңіз.
А) Өрт С ) Орман
В ) Су Д) ЖҰлдыз

18. «Сұлу» сөзінің қандай сөз табы болатынын табыңыз.
А) Зат есім. В) Есімдік. С) Сын есім. D) Етістік Е) Одағай сөздер.

19. Қанша ? деген сұраққа жауап беретін сөзді табыңыз.
А) Сапар. В) Айман. С) Алпыс. Б) Азат. Е) Аймақ

20. Тәуелденген сын есімді табыңыз.
А) Айтарың бар ма? В) Сенің балаң.
С) Ешкімің жоқ. D) Жақсың қайсы? Е) Біреуің кел.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:


1. Н.Ж. Даулеткереева, Г.Б. Мухангалиева. Қазақ тілі. 4-сынып. Алматы: «Алматыкітап» баспасы.
2. https://atamuraweb.kz/?product=4-%D1%81%D1%8B%D0%BD%D1%8B%D0%BF-%D0%BA%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D0%BA-%D1%82%D0%B8%D0%BB%D0%B8
3. https://bilim-all.kz/jospar/1878-4-synypqa-arnalgan-qazaq-tilinen-qosymsha-tapsyrmalar-zhinagy
4. https://www.tarbie.kz/6777
5. Оразбаева Ф.Ш. Қазіргі қазақ тілі. Алматы: Print-S, 2005. — 535 б. ISBN 9965-482-26-8
6. Баителиев А., Бодықова А., Қарынбаева Г. Қазақ тілі грамматикасы. Тараз: 1998. — 121 б.

***ҰСЫНЫСТАР ҮШІН***

***ҰСЫНЫСТАР ҮШІН***

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**
**«ИННОВАЦИЯ» БАСПА ҮЙІ**

**РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН**
**ИЗДАТЕЛЬСТВО «ИННОВАЦИЯ»**

Электрондық почта: **innovation.kz@bk.ru**

